

Бекітемін  
«Қостанай облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы» ММ  
басшысы Е. Қалмақов  
2023 жылғы «17» қаңтар



**«АЛТЫН МИКРОФОН-2023»  
XX Халықаралық әншілер байқауының  
ЕРЕЖЕСІ  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.**

**ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ**

2023 жыл, наурыз-сәуір

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР**

- байқаудың құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі;
- байқаудың уәкілетті мекеме «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ.

**БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- жас талантты орындаушыларды анықтау және қолдау;
- Қазақстан халқының рухани бірлігі идеясын, әлем халықтарының достығын, ұлтаралық және мәдениетаралық шығармашылық байланысты дамыту және насихаттау;
- шығармашылық ұжымдар мен жетекшілер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

**БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

*Байқау бірнеше кезеңде өтеді:*

- қашықтықтан іріктеу кезеңі;
- вокалдық эстрадалық ән байқауының финалы, гала концерт;
- байқау қатысушыларын марапаттау рәсімі.

Байқауды дайындау және өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады, ол байқаудың ұйымдастырушылық, техникалық және заңдық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады.

## ON-LINE ФОРМАТЫНДА ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- Байқауға тек бейнематериал бойынша алдын ала іріктеуден өткен қатысушылар жіберіледі. Міндетті түрде өтінішпен бірге бейнематериал сілтемесін жіберу керек;
- бейне монтажсыз, тек бір дубльмен көлденең күйде болуы керек;
- байқаудың барлық талаптарына сәйкес келетін бейнероликті жіберу;
- бейне сапасы мен фонограмма дыбысы нашар болған жағдайда қабылданбайды;
- барлық өтінімдерді байқаудың Ұйымдастыру комитеті құпия тәртіпте қарайды. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардан қосымша ақпаратты сұрату құқығын өзіне қалдырады;
- іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар пошта арқылы байқауға шақыру-хабарлама алады.
- **Байқауға қатысуға өтінімдер 2023 жылдың 1 наурызынан 3 сәуіріне дейін қабылданады.**
- байқауға 7 жастан 23 жасқа дейінгі (*қоса алғанда*) қатысушылар қатыса алады, **байқауға қатысатын қатысушылардың шығармашылық атақтары және жетістіктері болуы, ұлттық, халықаралық байқаулардың немесе фестивальдердің лауреаттары, немесе рейтингтік шығармашылық ұйымның (*продюсерлік орталықтың, өңірлік мәдениет мекемесінің, телеарнаның, немесе радиостанцияның музыкалық редакциясының, балалар байқауларының, немесе фестивальдерінің*) ұсынымдары болуы қажет;**
- байқау төрт жас санаты бойынша: 7-10 жас; 11-13 жас; 14-17 жас; 18-23 жас (*қоса алғанда*) жүргізіледі, қатысушының өтінімдері мен бейнематериалдары, түрлі-түсті фотосуреті (10\*15) осы Ереженің қосымшасына сәйкес (*қатысу өтінімдерін нысанға сәйкес толтыру*) қабылданады;
- қашықтықтан іріктеу кезеңі ұйымдастыру комитетінің поштаға келіп түскен қатысушылардың (MP4) бейне-материалдардың тыңдауы арқылы өтеді (*барлық жазбалар компьютерлік өңдеусіз жанды дауыста орындалуы тиіс, көлденең қалыпта бір дубльмен*). Осы мәліметтер негізінде қатысушылардың соңғы шорт-парағы құрылады;
- байқау тыңдалымында қатысушының жасына сәйкес келетін орындау тілі мен техникасы (стилі, үлгісі) бойынша шектеусіз, эстрада жанры бойынша кез келген стильде екі вокалдық шығарма орындайды. ҚР қатысушыларына қазақ тілінде бір ән (*міндетті түрде*).
- Өтінімдер [Altyn-mikrofon@ocsnt.kz](mailto:Altyn-mikrofon@ocsnt.kz) электрондық мекен-жайы бойынша қабылданады.
- 2023 жылдың 3 сәуірі сағат 18:00-ден кейін келіп түскен өтінімдерді Байқауды ұйымдастыру комитеті қарастырмайды.

- Толық емес өтінімдер немесе жоғарыда аталған қосымша материалдары жоқ өтінімдер қаралмайды.

### **БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

#### ***Байқаудың бағдарламасы келесі критерилер бойынша бағаланады:***

- дыбыс тазалығы;
- ырғақты нақты орындау;
- репертуардың күрделілігі;
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- әртістік қабілеті;
- сахна мәдениеті;
- динамикалық реңктерді сақтау және нақты дикция, артикуляция.

### **БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ**

- байқауда шығарманы «минус» фонограммасымен орындау және аудиожазбалар келесі сандық «тасығыштар» бойынша қабылданады: MD; CD; *flashcard*;
- байқауда орындалатын шығарманы музыканттың/музыканттардың «жанды» аспаптық сүйемелдеуімен немесе жеке аккомпанементте орындау;
- вокалдық сүйемелдеуді орындау кезінде үш адамға дейін («бэк-вокал») және хореографиялық қолдауды (*8 адамнан артық емес*) пайдалану.

**Кез келген форматтағы «караоке» фонограммаларын пайдалануға қатаң тыйым салынады.**

**Туындыларды «плюс» фонограммасымен орындауға үзілді-кесілді тыйым салынады.** Сондай-ақ, жазылған «плюсті» «бэк-вокалдық» партиялары бар фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады, олардың ішінде негізгі вокалдық партияның унисонға ұзақтығы екі тактіден асатын туындыны қолдануға тыйым салынады. Аталған бұзушылықтар қатысушыны байқаудан шығару үшін негіз болып табылады.

### **ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша әлемнің басқа елдерінен келген қатысушылар мен құрметті қонақтардың байқауға қатысу шығындарын (*тұру, тамақтану*) қабылдаушы тарап көтереді, **Қазақстан Республикасынан қатысатын қатысушылардың шығындарын** (*жол жүру, тұру, тамақтану, концерттік костюмдер, фонограммалар және т.б.*) байқауға қатысушылар немесе олардың атынан өкілдік ететін тұлғалар (ұйымдар) көтереді;
- байқаудың ұйымдастыру комитеті делегациялардың алдын ала өтінімдері бойынша әлемнің басқа елдерінен келген қатысушылар мен еріп келуші (*жетекшісі немесе ата-анасы*) Қостанай қаласының жайлы қонақ үйлеріне орналастыруға кепілдік береді. Нөмірлердің санаттары және

олардың құны орналастыруға тиісті өтінімдерді алғаннан кейін ұйымдастыру комитетімен келісіледі.

- барлық байқауға қатысушылар мен мұғалімдер үшін аккредиттеу және қатысу жарналары жоқ.

### **БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

- байқаудың қазылар алқасы кәсіби орындаушылар, белгілі музыканттар, әлемнің түрлі елдерінің мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралады.

#### **Халықаралық байқаудың кәсіби қазылар алқасының құрамы:**

##### **Әділқазылар төрағасы:**

- **Сейдоллаұлы Жәніс** - композитор, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, өнер магистрі, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының басшысы (*Қазақстан*).

##### **Әділқазылар мүшесі:**

- **Әбдікәрімова Қарлығаш** - Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының «Бозторғай» және «Шаттық» халықаралық байқауларының директоры, Халықаралық байқаулар мен фестивальдар ассоциациясының мүшесі, «Славянский базар в Витебске» Халықаралық өнер фестивалінің Қазақстандағы ресми өкілі (*Қазақстан*);
- **Текелиев Николай** - Эстетика докторы, «Спектор» қоғамдық қорының төрағасы, Болгариядағы шығармашылық жобалардың продюсері, «Речни ноты», «Сарандев» конкурстарының ұйымдастыру комитетінің мүшесі, Славян базары фестивалінде Болгария ресми өкілі (*Болгария*);
- **Киракосян Вреж** - Армян Республикасы мәдениет министірлігі қарамағындағы Ереван мемлекеттік мәдениет және сапа колледжінің директоры, Славян базары фестивалінде Армения Республикасының ресми өкілі (*Армения*);
- **Лапицкий Глеб** - халықаралық «Славянский базар в Витебске» өнер фестивалінің директоры (*Беларусь*);
- **Тойганбаева Гульнара** - Қырғызстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, «КГтай» балалар жобасының авторы және продюсері, «Art Bulak» Қоғамдық Қорының директоры (*Қырғызстан*);
- **Апанасенко Татьяна** – қоғам қайраткері, меценат, Украинаның халықаралық «Жас Еуропа» фестиваль – байқауының директоры, «Музыкалық шокжұлдыз» фестивалінің арт-директоры (*Украина*);
- **Абдулина Гүлбану** - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының жетекші солисті, Қостанай қ. (*Қазақстан*).

## **БАЙҚАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **Байқау 2 кезеңнен тұрады:**

- 2023 жылы 18 сәуір күні - байқауға қатысушылардың келуі, танысу.
- Финалға қатысушылардың өнер көрсету тәртібінің ресми жеребесі, саунчек, қорытынды дайындық **2023 жылғы сәуірдің 19 жұлдызы күні сағат 10:00-де** барлық жас топтары үшін бір мезгілде өткізіледі. Байқаудың әрбір қатысушысы жеребе тастау кезінде өз кезегін айқындайды.
  - Қостанайдың көрікті жерлеріне экскурсия.
  - **2023 жылғы 20 сәуірде сағат 10:00-13:00** облыстық филармонияның «Жастар сарайы» концерт залында байқаудың бірінші кезеңі, сағат **15:00-18:00** екінші кезеңде өнер көрсетеді.
  - Конкурс жеңімпаздарының **Гала-концертті** және оларды марапаттау (*барлық жас топтары үшін*) **2023 жылғы 21 сәуірде сағат 15:00-де** «Жастар сарайы» концерт залында өтеді. Гала-концертке қатысушы бір шығарманы орындайды (*қазылар алқасының шешімі бойынша*). Гала-концерт бағдарламасын режиссерлік-қойылымдық топ анықтайды.

## **БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

- қатысушыны бағалау әрбір байқау көрсеткішінің 10 балдық жүйесі бойынша жүргізіледі. Әділқазылар алқасы қатысушыны тыңдап болған соң дауыстық нөмірді бағалайды. Барлық қазылар алқасы мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысы – байқауға қатысушының рейтингі болып саналады;
- байқаудың қазылар алқасы жалпы отырыста I, II және III сыйлық лауреаттарын және дипломанттарды әрбір жас тобы бойынша анықтайды;
- қаржыландырудың жалпы сомасы – 3 000 000 (үш миллион) теңге;
- басқа қатысушылар қатысқаны үшін дипломдар алады;
- жетекшілерге – Алғыс хаттар;
- байқаудың Гран-при иегері болып қазылар алқасының ең жоғары бағасын алған және қазылар алқасының жалпы отырысында анықталған байқаудың **бір** лауреаты (*жас тобына қарамастан*) жарияланады;
- байқауға қатысушылар бірдей баға алған жағдайда, қазылар алқасының жалпы отырысында анықталады;
- ұйымдастыру комитетімен келісе отырып және қатысушылардың орындаушылық шеберлігінің жалпы деңгейіне қарай қазылар алқасы байқау лауреаттары мен дипломанттарының сандық құрамын өзгертуге құқылы;
- қазылар алқасы мүшелерінің жалпы отырысының шешімі – **түпкілікті**, байқауға қатысушыларымен және делегация мүшелерімен талқылауға, сондай-ақ **қайта қарауға жатпайды**;

- байқаудың лауреаттары мен дипломанттары ұйымдастыру комитетінің бағалы сыйлықтарымен марапатталады;
- үздік орындаушыға (*байқаудың Гран-при иегері*) «Қостанай облысы әкімінің жүлдесі» тапсырылады;
- «Алтын микрофон» байқауының (*Гран-При, лауреаттар*) жеңімпаздарына Халықаралық байқаудың біріне қатысу құқығы беріледі (*жыл ішінде*);
- байқау қорытындысы Instagram @culture\_qostanai парақшасында жарияланады.

#### **Ұйымдастыру комитетінің қосымша ақпараты:**

- Қазақстан Республикасынан келген қатысушылар Қостанай қаласында «Целинный» қонақ үй кешенінде нөмірлерді алдын ала брондай алады.
- Байтұрсынов к-сі, 95, байланыс телефоны: **87076343424**

#### **«ЦЕЛИННЫЙ» қонақ үй кешені» ЖШС 2023 жылдың ақпан айындағы бағалар тізімі**

- люкс нөмірлер бір адамға күніне 19000 теңге (*валюта бағасын қараңыз*);
- студия люкс бір адамға күніне – 19000 теңге;
- екі адамдық стандарт – 14000 теңге;
- 1 орындық жартылай люкс-11500 теңге;
- 1 орындық стандарт – 9500 теңге;
- 5-6 адамды орналастырумен эконом класс нөмірлері құны бір адамға 4000 теңге;
- 3 адамды орналастырумен эконом класс нөмірлері құны бір адамға 5000 теңге;
- үш мезгіл тағамның құны күніне 3000 теңгеден басталады (*айырбастау бағасын қараңыз*).

**Барлық ақпарат телефон және электрондық байланыс түрлері бойынша:  
8 (7142) 56-01-29, [Altyn-mikrofon@ocsnt.kz](mailto:Altyn-mikrofon@ocsnt.kz), міндетті түрде тақырыбы жазылуы керек.**